

**Қазақ тілінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының пән мұғалімдеріне арналған «Орта білім беру ұйымдарында эссе жазудың негіздемесі мен дағдылары» тақырыбындағы педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

## **1. Жалпы ережелер**

**«Орта білім беру ұйымдарында эссе жазудың негіздемесі мен дағдылары»** тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) мектеп мұғалімдері мен болашақ мамандарға арналған.

Бағдарлама білім берудің мемлекеттік стратегияларына сәйкес жаңаша оқытудың сұранысын өтеуге қызмет атқарады. Оқушылардың сыни ойлауын, аналитикалық ойлауын дамытып, шығармашылық іс-әрекетке жетелейтін лингвистикалық әдістерге басымдық беріледі.

Оқушылардың білімін тексеру үшін ауызша және жазбаша түрде түрлі тапсырмалар қолданылатыны белгілі. Осы орайда оқушының қаншалықты білімді игергендігін, тақырыпты меңгергендігін, ол бойынша өз ойын жүйелеп бере алуы мен талқылау жасай алуын бағалау, сыни ой-пікірін анықтау, тақырыпқа қатысты көзқарасын білу мақсатында жазбаша жұмыстарын жаздыру арқылы эсселерлерді қолдану тұлға болып қалыптасуына үлкен ықпалын тигізеді.

Эссе жазу барысында оқушы өз ұстанымын, идеясын жүйелі түрде жаза отырып, пікіріне қатысты дәлелдер мен дәйектер келтіруі тиіс. Оқушының өз ойын барынша тиянақты, мағыналық жағынан жүйелі етіп ұсыну маңызды болып табылады. Сондықтан эссе жазуда оның құрылымына, осы құрылымның логикалық түрде берілуіне аса мән беріледі. Эссенің мазмұндық тұтастығы осы құрылымға бағынады.

## **2. Глосарий**

**1. Эссе** – автордың шығармашылық қабілеті негізінде өз ойларын, сезімдері мен пікірлерін жазбаша түрде қағазға түсіру болып табылады. Бірақ, эссе шығармашылық жұмыс ретінде өзге жазба жұмыстарына ұқсамайды. Эссе берілген тапсырмаға немесе қойылған сұраққа байланысты аргументтік, сипаттамалық, сендіру, баяндау, артықшылығы мен кемшілігі сияқты мақсатты жазылады және осы мақсатта оның көптеген түрлері кездеседі.

**2. Эссенің жазылу мақсаты** – белгілі бір тақырыпты, мәселені талдау, сипаттау және бағалау болса, негізгі мақсаты – тақырыпқа байланысты өз білімін көрсету және сұраққа берілген жауаптың дұрыстығына оқытушыны (оқырманын) сендіре білу.

**3. Жазылым дағдысы** - автордың жазылым әрекетіне төселуі. Ол алдын ала іштей дайындығын қажет етеді. Оқушыны эссе жазуға дағдыландыру үшін мұғалімнің өзі жазылым дағдысын жақсы меңгеруі тиіс және өз дағдысын оқушыға еркін меңгертетін болады.

**4. Публицистикалық мақала** – публицистикалық стильмен газет, журнал, веб-сайттарда белгілі бір ақпарат жөнінде хабардар ету үшін жазылады. Ол өз ішінен тақырыпшаларға бөлінуі мүмкін. Мақалада белгілі бір ақпаратпен өз оқырманын толығырақ таныстыру үшін суреттер, графикалар жиі қолданылады. Сондай-ақ, берілген фактілерге сілтеме берілуі талап етілмейді және субъективті түрде жазылуы мүмкін.

**5. Баяндама** – белгілі бір зерттеу сұрағына жауап беру үшін анықтамалар, сипаттамалар мен талдаулар жазылады. Зерттеу жұмысының нәтижелерімен таныстыру мақсатында тәжірибелердің, сауалнамалардың нәтижелері және зерттеу әдістері туралы ақпараттар беріледі. Зерттеу нәтижелеріне талдаулар жасалып, шектеулері мен кемшіліктерін көрсетіп, алдағы уақытта орын алатын зерттеулер немесе мәселелерді шешу үшін ұсыныстар жасалынады.

**6. Оқырман** – эссені немесе жазба жұмысын оқитын адам. Мектеп оқушының оқырманы осы эссені бағалайтын мұғалім болып табылады. Оқырман тек дайын жұмысты ғана көреді. Сол себепті оқушы дайын, соңғы жұмысын барынша оқырманға түсінікті етіп жазуының маңызы зор болып табылады.

**7. Тезистік мәлімдеме** – эссенің «негізгі өзегі» десек те болады. Эссені жазу немесе оның жазылу үдерісін түсіндіру барысында тезистік мәлімдеме (автор ұстанымы) құра білуге баса назар аудару қажет. Тезистің дұрыс құрылуы тек тақырыпқа байланысты жауаптың нақты берілуін ғана қамтамасыз етіп қана қоймай, эссе бөлімдерінің дұрыс жазылуына тікелей әсерін тигізеді.

**8. Эссе жазу** – белгілі бір аудиторияға, оқырмандарға қажетті деңгейде әсер ете алу мен тақырыпқа қатысты өз ойын білдіру үшін бірнеше параграфтарды жүйелі негізде қолдану арқылы бір немесе бірнеше идеяны нақты және дәлелді түрде жазбаша жеткізе білу.

**9. Эссенің тапсырмасы** – оқушының тақырыпқа байланысты жеке пікірін, тұлғалық ұстанымын, сыни пікірін білу мақсатында құрылады. Тапсырма кейде сұрақ түрінде берілуі мүмкін. Оқушы сұрақты түсініп, оған нақты жауап беруі қажет. Эсседегі барлық параграфтар осы тапсырмаға берілетін жауап негізінде жазылады. Берілген тапсырма мәселе бойынша оқушының (автордың) ойын білуге бағытталады.

**10. Кіріспе** – тақырыпқа қатысты негізгі деген ақпараттар, пікірлер жазылады. Эссе сұрағында немесе тақырыбында берілген тірек сөздерге назар аударып, оларды кіріспеде қолдану қажет. Кіріспе жазба жұмысының ең бірінші оқылатын бөлімі және оқырманның жазба жұмысын ары қарай оқуға немесе оқымауға ықпал ететін бөлімі.

**11. Параграф (абзац)** – бұл тақырып бойынша шағын бір пікірді талқылауға арналған бірнеше сөйлемдердің жиынтығы.

**12. Қорытынды** - эссенің қорытындысы бір немесе бірнеше параграфтан тұруы мүмкін. Қорытынды мазмұнында автор ұсынысы жүзеге асатын жағдайда нәтиженің қандай болатындығы сипатталады.

**13. Аргументтік эссе** - белгілі бір мәселеге қатысты пікірге қосылатынын немесе қарсы екенін білдіру үшін жазылады. Мұндағы автордың негізгі ұстанымы оқырманды өз ойының дұрыс екеніне иландыру болып табылады.

**14. Негізгі бөлім** - эссенің негізгі бөлімі бірнеше параграфтан тұрады. Негізгі бөлімде автордың шешімі түсінікті түрде баяндалып, мәселені шешудің жолдары жан-жақты қарастырылады.

**15. Синтез** - түрлі мәтіндерге талдау жасау арқылы ондағы маңызды деген пікірлерді өзара байланыстырып, тұтас бір жазба жұмысын жазуға бағытталады.

### 3. Бағдарлама тақырыбы

Модульдер	Тақырыптар
1 ЭССЕНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	1.1 Эссе туралы түсінік.
	1.2 Эссенің өзіне тән ерекшеліктері
	1.3 Эссені жазу үдерісі
2 ЭССЕНІҢ ҚҰРЛЫМЫ	2.1 Тапсырманы түсіну
	2.2 Автор позициясы
	2.3 Кіріспе және оны жазудың ерекшелігі
	2.4 Параграф және оның құрылымы. Қолдаушы сөйлемдерді жазудың ерекшелігі. Аргументтер қолдану.
	2.5 Қорытынды және оны жазудың ерекшелігі. Мемо. Соңғы ой.
3 ЭССЕНІҢ ТҮРЛЕРІ	3.1 Сипаттамалық эссе
	3.2 Аргументтік эссе және оның ерекшелігі.
	3.3 Салыстыру эссесі
	3.4 Мәселе және оның шешімін қарастыру эссесі
	3.5. Келісу немесе келіспеу эссесі
4 ЖАЗЫЛЫМ БАРЫСЫНДАҒЫ САУАТТЫЛЫҚ	4.1 Эссе жазу барысындағы грамматикалық мәселелер
	4.2 Тыныс белгілер
	4.3 Эссе жазу барысында жасанды интеллект ресурстарын пайдаланудың жолдары
	4.4 Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту барысындағы эссе жазуды қалыптастырудың маңызы

	4.5 Эссе жазуды интербелсенді әдістер арқылы жағдаяттық тапсырмалар негізінде меңгерту 4.6 Оқушылардың эссесін тексеру барысында грамматикалық қателерді тексеру мен олардың алдын алуы жөнінде жасалатын жұмыстар
5 ӘДЕБИ ЭССЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ	5.1 Әдеби эссе мен шығараманың ұқсастықтары мен айырмашылықтары
	5.2 Әдеби салыстыру эссесі
	5.3 Әдеби талдау эссесі
	5.4 Курсты қорытындылау, бақылау, бағалау тапсырмаларын орындау

#### 4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

**Бағдарламаның мақсаты** – Қазақстан Республикасында орта білім беретін мектеп мұғалімдерінің эссе жазу бойынша дағдыларын қалыптастыру бағытында кәсіби біліктілігін дамыту.

##### **Бағдарлама міндеттері:**

- білім беру мазмұнына сәйкес эссе жазу бағытында берілген тапсырмалар негізінде теориялық және тәжірибелік білімдерін қалыптастыру;
- жазылым дағдысын қалыптастыру барысында аналитикалық, сыни ойлау және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру;
- эссені жазу мен оқытудың методологиялық негізін көрсету;
- эссені жазу барысында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдерді көрсету;
- оқушының алған білімін тексеру бағытында эссе түрінде тапсырмаларды берудің маңызын түсіндіру.

##### **Күтілетін оқу нәтижелері**

Курсты аяқтағанда тыңдаушылар төмендегідей нәтижелерге қол жеткізеді:

- эссенің құрылымын анықтай алады;
- эссе бойынша теориялық білімдерінің негізі қалыптасады;
- эссе тапсырмаларын оңай құрастырып, оқушылардың сыни ойлауын, сауаттылығын бағалау мақсатында өз тәжірибесінде қолданатын болады;
- білім алушылардың сыни жазылымы мен сыни түрде оқи алу қабілетін қалыптастыру үшін түрлі тапсырмалар құрастырады;
- эсселердің түрлерін меңгеру арқылы олардың үлгілерін әзірлейді және өз тәжірибелерінде қолданатын болады;
- жазылым барысында сауаттылықты артырудың жолдарын оқушыларға тиімді көрсете алатын болады;
- жазбаша тапсырмалардың құрылымына, сауаттылығына жан-жақты талдау жасайды.

## **5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

Білім беру бағдарламасы 5 модульден тұрады:

- 1) эссенің ерекшеліктері;
- 2) эссенің құрылымы;
- 3) эссенің түрлері;
- 4) жазылым барысындағы сауаттылық;
- 5) әдеби эссе және оның ерекшелігі.

1-бөлім. Эссенің ерекшеліктері. Эссенің өзге жазба жұмыстарымен айырмашылықтарын ажырата алатын және оны жазбаша тапсырма ретінде берудің маңыздылығымен таныс болады. Мәтіндердің жанрына сәйкес жазылу ерекшеліктерін меңгереді.

2-бөлім. Эссенің құрылымы. Кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді жазудың ерекшеліктерімен таныс болады. Абзац құрылымын жүйелі жазу үшін тақырыптық, қолдаушы, қорытынды сөйлемдерді жазудың жолдарын меңгереді. Автор ойының жүйелі түрде жазылуы арқылы оқырманға ақпараттың түсінікті түрде берілуінің маңыздылығын түсінетін болады.

3-бөлім. Эссенің түрлері. Берілген тапсырмаға сай эссенің қай түрін жазуға болатындығын анықтайтын болады. Эссе түрлерінің жазылу мақсатын түсініп, олардың құрылымының ерекшеліктерін меңгереді. Аналитикалық, сыни ойлау қабілеттері жетілдіріледі.

4-бөлім. Жазылым барысындағы сауаттылық. Жазылым барысындағы қазақ тілінің грамматикасының ерекшеліктерін жан-жақты меңгеріп, эссе жазу барысындағы тыныс белгілерді дұрыс қолдана білу, қыстырма, шылау сияқты сөздерді орынды қолдана білу жөнінде тапсырмалар мен әдіс-тәсілдер талданады.

5-бөлім. Әдеби эссе және оның ерекшелігі. Әдеби эссе мен шығарманың және басқа жазбаша тапсырмалардың ерекшеліктері талданады. Мектеп қабырғасында оқытылатын ақын-жазушылардың шығармаларына салыстыру мен талдау жасалып, эссе жазылады. Жазылған эсселерге талдау жасалынады. Өртүрлі бағытта жазылған эсселерді бағалау мен талдаудың жолдары көрсетіледі. Мұғалімдердің эссені өз сабақтарында қалай қолдану қажеттігі бойынша жұмыстар жүргізіледі, өздерінің пәндері бойынша жазылған эсселері талданып, өзара тәжірибе алмасады.

## **6. Оқу процесін ұйымдастыру**

Курстар келесі режимде ұйымдастырылады:

Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспары (бұдан әрі-ОТЖ) бойынша курс күндізгі (қашықтықтан) оқыту режимінде ұйымдастырылады. Оқу курсының ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды;

Білім беру үдерісі біліктілікті арттырудың әрекеттік сипатын қамтамасыз ететін оқыту нысандары мен әдістерін қамтиды: дәріс-вебинар,

таңдау бойынша дәрістер, практикалық жұмыс, дөңгелек үстел, өзіндік жұмыс.

Мектеп мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін қысқа мерзімді сабақ жоспарын жасайды және ықшамсабақ өткізіледі.

## **7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі**

### **1 бөлім. Эссенің ерекшеліктері**

Бөлім құрылымы

Ұзақтығы – 4 сағат.

Онлайн оқыту режимінде (дәріс-4 сағат)

- Бөлімнің өзектілігі: Эссе жазудың сыни ойлау мен шығармашылық қабілетті қалыптастыру барысындағы ерекшеліктеріне талдау жасау, пәнге байланысты алынған біліміне аналитикалық тұрғыда сараптама жасай алу өзекті мәселе.

2) Бөлімнің мақсаттары мен міндеттері:

Мақсаты: мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы базалық білім арқылы ойын сараптай алу және ойын жүйелі түрде жазып көрсете білу.

Міндеттері:

- мектеп қабырғасында берілген білімді сыни ойлау негізінде зерделеу.
- мектеп білімдерін сыни ойлау, шығармашылық ойлау, аналитикалық ойлау дағдысымен байланыстыру арқылы жаза білуді меңгерту;
- эссенің ерекшеліктері мен оларды жазу жолдарын көрсету.

3) Күтілетін нәтижелер:

- орта мектепте эссені жазу арқылы сыни ойлау, шығармашылық, зерттеушілік құзыреттілікті дамытудың жолдарын игереді;
- пәндік ерекшеліктеріне байланысты эссені жазу негіздерін көрсете алады;
- қазіргі кезедгі маңызды мәселелерге байланысты жазылған эсселерге талдау жасайды;

### **2-бөлім. Эссенің құрылымы**

Бөлім құрылымы

Ұзақтығы – 32 сағат.

- Бөлімнің өзектілігі: Бұл бөлімде мектеп оқушыларына арналып құрастырылатын эсселердің құрылымына талдау жасалынады. Эссенің құрылымыны толық және жан-жақты меңгеру оқушының әр түрлі бағытта жазылым дағдысының қалыптасуын мүмкіндік береді. Мектеп мұғалімдеріне эссе құрылымын толық білу аса маңызды.

- Бөлімнің мақсаттары мен міндеттері: эссенің құрылымын толық қанды меңгерту осы бөлімнің басты мақсатына жатады.

Міндеттері:

- эссенің құрылымын түсініп, оны жазылым барысында қолдана алуға үйрету;
- кіріспе мен негізгі бөлім, қорытынды бөлімдердің жазылу жолдарын, маңызын көрсету;

- әрбір бөлімнің жазылу барысындағы өзіндік ерекшеліктерін талдау, түсіндіру;
- абзацты дұрыс жаза білудің маңыздылығын көрсету.

### 3) Күтілетін нәтижелер:

- эссенің құрылымын кеңінен түсініп, эссе түрлеріне қарай ерекшелігін ажыратып, эсеге байланысты тапсырмалар құрастыра алады;
- эссенің бөлімдерінің ерекшеліктерін меңгеріп, оларды жүйелі түрде жаза алатын болады;
- абзацтың жазудың ерекшелігін түсініп, оны жазу жолдарын меңгеретін болады.

## **3-бөлім. Эссенің түрлері**

Бөлім құрылымы

Ұзақтығы – 16 сағат.

- Бөлімнің өзектілігі: Бұл бөлімде эссенің түрлерімен таныс болады. Берілген тапсырмалар арқылы қандай эссе жазу керек екенін меңгереді, сондай-ақ эссені жазуды үйренеді. Осы арқылы жүйелі жазу үрдісі қалыптасады.

2) Бөлімнің мақсаты: эссенің түрлерін ажырата алу және әр түрлі эсселерді жазылу жолдарын меңгеру.

Міндеттері:

- эссенің түрлеріне қарай жазылу жолдарын көрсету;
- эссе түрлерінің ерекшеліктерін талдау;
- эссені түрлеріне қарай жоспарлай алу жолдарын көрсету.
- эссе түрлерін ажырата білу арқылы сыни және шығармашылық қабылаттерін жетілдіру.

Күтілетін нәтижелер:

- эссенің түрлерін ажырата алады;
- эссенің түрлеріне қарай жазу жолдарын игереді;
- сыни және шығармашылық қабілеттері жетілдіріледі;
- эссенің түріне қарай жоспар құру арқылы эссені жүйелі жазу дағдысын қалыптастырады;
- өз пәні бойынша өтілген тақырыптарға эссе тапсырмаларын құру жолдарын меңгереді.

## **4-бөлім. Жазылым барысындағы сауаттылық.**

Бөлім құрылымы

Ұзақтығы – 12 сағат.

- Бөлімнің өзектілігі: Эссе жазу арқылы түрлі грамматикалық амал-тәсілдерді анықтап, эсседегі негізгі ақпараттарды табудағы грамматиканың орнын анықтау. Сондай-ақ эссе жазу барысында сауаттылыққа мән беру өзекті мәселе болып табылады. Жазылым барысында әдеби нормаға сай тілдік бірліктерді қолдану мен грамматикалық ережелерді сақтау, тыныс белгілерді дұрыс қолдана білудің маңызы ерекше.

- Бөлімнің мақсаты: жазылым барысында сауаттылықты арттыруға қызмет атқаратын грамматикалық ерекшеліктерді қолдана отырып, эссе жазу барысында тыныс белгілерді орынды қолдана білу жолдарын көрсету.

Міндеттері:

- эссе жазу барысында грамматикалық ережелерді дұрыс қолдана алу;
- эссе жазу барысында сөздер мен сөз тіркестерін, тыныс белгілерді орынды қолданудың жолдарын көрсету;

Күтілетін нәтижелер:

- эссе жазу барысында грамматикалық ережелерді қалай қолдану қажет екенін көрсете алады;
- тыныс беліглерін қолданудың ережелерін тереңірек біледі;
- жазылым барысында орын алатын әр түрлі грамматикалық, тыныс белділерінің қателерін анықтай алады.

## **5 бөлім. Әдеби эссе және оның ерекшелігі**

Бөлім құрылымы

Ұзақтығы – 16 сағат.

- Бөлімнің өзектілігі: Әдеби эсселерді жазу мен олардың түрлерін ажырата алу, сондай-ақ осы эсселер түрін жазу арқылы сыни ойлау қабілетін қалыптастыру осы бөлімнің өзектілігін көрсетеді.
- Бөлімнің мақсаты: Әдеби эсселердің түрлерін меңгерту, эссе арқылы түрлі әдеби шығарламаларға талдау жасату және осы арқылы шығармашылық, сыни ойлау қабілеттерді қалай қалыптастыруға болатындығын талдау.

Міндеті:

- әдеби эссенің маңыздылығын зерделеу;
- әдеби эссенің түрлерінің ерекшеліктеріне тоқталу;
- әр түрлі әдеби шығарламаларға эсселер жазу және оларды талау.
- Күтілетін нәтижелер:
- әдеби эссенің ерекшелігін түсінеді;
- әдеби шығармаға жүйелі, сыни тұрғыда талдау жасауға дағдыланады;
- әдебиет пәнінен эссе тапсырмаларын құрастыру жолдарын көрсетеді;
- әдеби эссенің түрлерін жазады.

**Қашықтан оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары  
(80 сағат)**



№	Сабақтың тақырыптары	Дәріс - вебинар	Тәжірибелік жұмыс	Ықшамсабақ	Бақылау түрі	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7
<b>I.</b>	<b>ЭССЕҢІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ</b>	<b>4</b>				<b>4</b>
1.1	Эссе туралы түсінік.	1				1
1.2	Эссенің өзіне тән ерекшеліктері.	1				1
1.3	Эссені жазу үдерісі	2				2
<b>2</b>	<b>ЭССЕҢІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ</b>	<b>14</b>	<b>18</b>			<b>32</b>
2.1	Тапсырманы түсіну	2	3			5
2.2	Автор позициясы	2	3			5
2.3	Кіріспе	2	3			5
2.4	Параграф және оның құрылымы	6	6			5
2.5	Қорытынды және оның жазудың ерекшелігі	2	3			5
<b>3</b>	<b>ЭССЕҢІҢ ТҮРЛЕРІ</b>	<b>5</b>	<b>11</b>			<b>16</b>
3.1	Сипаттамалық эссе	2				2
3.2	Аргументтік эссе және оның ерекшелігі		3			3
3.3	Салыстыру эссесі	3				3
3.4	Мәселе және оның шешімін қарастыру эссесі		4			4
3.5	Келісу немесе келіспеу эссесі		4			4

<b>4</b>	<b>ЖАЗЫЛЫМ БАРЫСЫНДАҒЫ САУАТТЫЛЫҚ</b>	<b>3</b>	<b>9</b>			<b>12</b>
4. 1	Эссе жазу барысындағы грамматикалық мәселелер	1	1			2
4. 2	Тыныс белгілер	1	2			3
4. 3	Эссе жазу барысында жасанды интелект ресурстарын пайдаланудың жолдары	1	2			3
4. 4	Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту барысындағы эссе жазуды қалыптастырудың маңызы		1			1
4. 5	Эссе жазуды интербелсенді әдістер арқылы жағдаяттық тапсырмалар негізінде меңгерту		1			1
4. 6	Оқушылардың эссесін тексеру барысында грамматикалық қателерді тексеру мен олардың алдын алуы жөнінде жасалатын жұмыстар		2			2

<b>5</b>	<b>ӘДЕБИ ЭССЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ</b>		<b>5</b>	<b>10</b>	<b>1</b>	<b>16</b>
5.1	Әдеби эссе мен шығараманың ұқсастықтары мен айырмашылықтары		2			2
5.2	Әдеби салыстыру эссесі		3			2
5.3	Әдеби талдау эссесі			10		10
5.4	Курсты қорытындылау, бақылау, бағалау тапсырмаларын орындау				1	1
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>26</b>	<b>43</b>	<b>10</b>	<b>1</b>	<b>80</b>

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут (педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы).

## 8. Оқу нәтижелерін бағалау

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін Бағдарлама мазмұнын меңгеруді бағалаудың критерийлері мен параметрлерін әзірлеп, курстың ОӘК–не енгізеді және мұғалімдердің білімін бақылау мен бағалау нысанын оқытушының таңдауы бойынша өзгертуге болады.

1) Бақылау сұрақтары 1-5 модульдердің теориялық материалдарын игеру нәтижелері бойынша жүргізіледі:

№	Модульдердің тақырыптары	Сағат саны	Сұрақтар /балл саны
1.	ЭССЕҢІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	4	3
2	ЭССЕҢІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ	25	10
3	ЭССЕҢІҢ ТҮРЛЕРІ	16	7
4	ЖАЗЫЛЫМ БАРЫСЫНДАҒЫ САУАТТЫЛЫҚ	12	6
5	ӘДЕБИ ЭССЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ	15	4
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>		<b>30</b>

- **Эссе жазу.** Эссе жазудың мақсаты – мектеп қабырғасында берілетін эссе тапсырмаларын сауатты түрде құрылымға сай жазу дағдысын қалыптастыру. Жазылған эсселерді оқушыларға үлгі ретінде қолдану.

### **Эссені жазуға қойылатын талаптар:**

1. Өз пәніне байланысты өтілген тақырып бойынша оқушылардың алған білімін сыни тұрғыда қалай талдап жазып бере алғандығын тексеру мақсатында тапсырмалар құру.
2. Эссенің түрлеріне қарау әр түрлі тапсырмалар құрастыру.
3. Пәнге байланысты эссе тапсырмаларына эссе үлгісін жазу.
4. Жазылған эссені талдап, жазылу жоспарын түсіндіру.

### **Эссені бағалау критерийлері:**

Эссе келесі шәкілдер арқылы бағаланады: 0 – құрылым сақталмады, тақырып мүлдем ашылмады, сауаттылығы төмен. 1 – құрылым сақталады, тақырып ашылмайды, сауаттылығы орташа. 2 – құрылымы сақталады, тақырып ашылған, сауаттылығы орташа 3 – құрылымы сақталған, тақырыбы ашылған, сауаттылығы жоғары (*әрбір критерий бойынша максимумды балл - 3*). *Таныстырылымның ұзақтығы: 5-7 минут*

Қорытынды баға бақылау сұрақтары және эссе бойынша баллдардан тұрады (ең жоғары балл саны –60).

### **Балдарды бағаға ауыстыру шкаласы**

<b>Бағалау</b>	<b>Орындаудың %-дағы ауқымы</b>	<b>Баллдар</b>
5	90%-100%	54-60
4	75-89%	45-53
3	50-74%	30-44
2	50% жуық	40 баллдан кем емес

## **9. Курстан кейінгі қолдау**

Тыңдаушылармен байланыс орнату құралдары:

-Онлайн конференция Zoom-мен кездесу өткізу, Facebook, Instagram әлеуметтік желіде вебинарлар өткізіп, ақпараттармен бөлісу, Whatsapp желісінде кері байланыс орнату.

- Ресурстық қамтамасыз ету:

- оқулықтар мен оқу құралдары, ғылыми монографиялардың сілтемесі(Әдістемелік нұсқаулық).

3. «Эссе және оның түрлері» кейсі

- Мектеп мұғалімінің кәсіби өсу траекториясын қолдау:

-Тыңдаушылардың сабақ өткізудегі эксперименттерін талдау, теориялық, педагогикалық жақтан көмек көрсету (Әдістемелік басылым).

- эмпирикалық зерттеулер жүргізуде кеңес беру, ғылыми жобаларға тарту.
- Педагогтің қатысуымен өткізетін тәжірибелік семинар, онлайн семинар, вебинар, шеберлік сағаттары, пікірталас алаңдарын өткізу іс-шараларын жоспарлау.

## 10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

### *Негізгі әдебиеттер:*

- Оспан Е. Эссе және оның түрлері: Оқу құралы. – Алматы: «ОНОН» баспасы, 2022. – 120 бет.
- Ерназарова З.Ш. Эссе түрлері. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Bilimsema баспасы, 2019. - 80 бет.
- Оспан Е. Академиялық жазылым негіздері: Оқу құралы. – Алматы: «Білік» баспасы, 2020. – 340 бет.
- Oshima, A. and Hogue A. Writing Academic English. The Longman
- Короткина И. Академическое письмо: процесс, продукт и практика. Учебное пособие для вузов». Москва: Изд. «Юрайт», 2015.296 с.

### *Қосымша әдебиеттер:*

- Ерназарова З.Ш. Студенттің жазылым іскерлігін қалыптастыру кәсіби тілді меңгерудің құрамдас бөлігі ретінде // Қазақ тілін оқытудың заманауи әдіснамасы: үдеріс, сапа, жетістік.Ғылыми –практикалық конференция. ҚазХҚжӘТУ , 27 сәуір, 2012, 9-15 беттер.
- Ахметова М.К. Суреттеу мәтінінің құрылымы ( қазақ көркем проза материалдары негізінде).АҚД, Абай атын. ҚҰ Пед. ун-ті, Алматы, 2002.- 23 бет.
- «Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау» педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы/ Мұғалімге арналған нұсқаулық. - Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
- Жалпы орта білім беру деңгейі пәндерінен жиынтық бағалау бойынша тапсырмалар жинағы. Әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020.

## ЖАЗЫЛЫМ АЛДЫ ТАПСЫРМАЛАРЫ МЕН ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ

1-тапсырма. Берілген эссені оқып, қойылған сұрақтарға жауап беріңіздер.  
**Тапсырма:** Кейбіреулер нанотехнология арқылы отаны сапалы жасайды деп санайды. Сіз бұл пікірмен қаншалықты келісесіз немесе келіспейсіз?

1)Денсаулық саласында соңғы кездері көптеген заманауи технологиялар пайда бола бастады. 2)Осы орайда нанотехнологияны ота жасау барысында қолдану кең етек алуда. 3)Мұндай технологиялар адамдардың денсаулығын жақсартуға, өмірлерін сақтап қалуға көмектеседі, бірақ кейбіреулер оның да кері әсері бар деп санайды. 4)Мен нанотехнологияны ота жасау барысында қолданудың тиімді нәтижелерге жеткізетіндігіне сенемін және нанотехнологиялар арқылы жасалған оталар сапалы болатынына толық келісемін. 5)Бұл эсседе екі жақтың пікірлері де қарастырылады және көзқарастарды дәлелдеу үшін нанороботтардың ота жасаудағы қолданысы талқыланады. 6)Нанотехнологияны қолдану арқылы ота жасаудың сәтті аяқтауына көптеген адамдар күмән келтіріп жатады. 7)Олардың ұсынатын негізгі дәйегі нанотехнологиялық оталар нанороботтар арқылы жасалады және олар кәсіби хирургті алмастыра алмайды деп есептейді. 8)Хирург адам ретінде өз науқасының халін толық түсінеді, өмір сүрудің қаншалықты маңызды екенін тіршілік иесі ретінде сезінеді. 9)Сондықтан ота жасау барысында барын салады, туындаған түрлі жағдайларға білікті маман ретінде орынды шешім қабылдай алады. 10)Ал, керісінше нанороботта сезім мен мейірім болмайды. 11)Ол тек өзіне жүктелген бағдарламалық қызметтерді ғана жүзеге асырады. 12)Қателік кеткен жағдайда адам өміріне қауіп төнуі әбден мүмкін. 13)Бұл нанотехнологияның ота жасаудағы сапалы нәтижеге қол жеткізуге болады деген сенімге күдік туындатады. 14)Технологиялық дамудың өзіндік кемшіліктері болғанымен, оның көптеген артықшылықтарын жоққа шығаруға болмайды. 15)Медицина саласы бойынша оның ішінде наномедицинадағы артықшылықтарды нанороботтар көрсетуде. 16)Нанороботтардың қызметін медицинадағы революциялық жаңалық деп айтуға болады. 17)Мәселен, наномедицинада нанороботтар адам ағзасы тіндерінің ең ұсақ бөлшектеріне қызмет көрсете алады. 18)Нанобөлшектер дәрілерді жасушаларға жеткізуге арналған мінсіз әдіс болып табылады. 19)Жаңа технологиялардың арқасында нанобөлшектер әртүрлі ауруларды емдейді. 20)Мұндай әдістер ісік ауруларына да қолданады. 21)Ота жасау барысында жоғары температурамен ісік жасушаларын айналасындағы сау жасушалар зақымдамай өлтіруге болады және ота сапалы нәтиже беруі әбден мүмкін. 22)Ал, мұндай отаны кез келген кәсіби хирургтің, нанороботтың көмегінсіз жасау мүмкін емес. 23)Сондықтан, нанотехнология әдісі арқылы жасалған оталар адам өмірін

*арашалай алады және денсаулығын жақсартуға үлкен септігін тигізеді.24)Келтірілген дәйектер мен мысалдардың негізінде нанотехнология әдісі нәтижесінде ота жасау сапасы артқанына сенемін және адамдардың нанороботтың кәсіби маманды алмастыра алмайды деген кейбір пікірлеріне қарамастан алдағы уақытта медицинадағы нанотехнология бағыты құлаштан дами түсері сөзсіз. 25)Оның дамуына қарсылық танытып, кері пікір айтқанша, кәсіби мамандарымызды нанороботтарды тиімді қолдануға машықтандыруымыз жөн сияқты.*

### **Сұрақтар:**

1. Автордың негізгі ұстанымы қай бөлімде көрсетілген және нешінші сөйлем? Автор пікірмен қаншалықты келіседі?

2. 6-ншы және 13-інші сөйлемдердегі мағыналық жағынан ұқсас тіркестерді табыңыз.

3.Автор 6-ншы сөйлемдегі пікірге қандай дәйек келтіреді және ол қай сөйлемде берілген.

4. 15-інші және 16-ншы сөйлемнің жазылу мақсаты қандай?

5. 17-інші сөйлемнің жазылу мақсаты қандай?

6. 24-інші сөйлемнің жазылу мақсаты қандай?

7. Автор қай сөйлемде өзінің қорытынды ойын білдіреді?

**2-тапсырма.** Берілген мәтіндер қандай стильде жазылғандығын анықтаңыздар?

1-мәтін. *Алтысыншы жылдардың басында әкем атамның, яғни әкесінің өтінішімен Хантағьдан Бабайқорғанға қоныс аударған. Мыңда тоғыз жүз алтыс бесінші жылы Бабайқорғанның Үлгілі бөлімшесіндегі қазіргі Мәулен Балақаев атындағы орта мектептің табалдырығын аттадым. Сол уақытта ол төрт кластық қана білім ордасы болатын. Бала санының аздығынан ба екен, төрт кластың оқушыларын бір бөлмеге жинап, қатар-қатар отырғызып қоятын. Айдарбек мұғалім барлығымызға кезекпен сабақ өткізе беретін. Ортадағы жалғыз тақтаға әр кластың тапсырмасын кезегімен жазып, оны қайта-қайта өшіріп, жанын сала түсіндіруші еді (Қ.Бегманов. «Туған үйге оралу» әңгімесінен үзінді).*

2-мәтін. *Дрондардың Ұлыбритания әуежайының үстінде бір айдан аз мерзімде екі рет көрінуі салдарынан әуежай жабылды. 8 қаңтар күні Лондон қаласының Хитроу әуежайынан шығатын рейстер бір сағаттан астам уақытқа тоқтатылды. Ал, желтоқсанның 19-21 күндері аралығында әуежай үстінде дрондар байқалғандықтан, Лондонның Гатвик әуежайында*

140 000-нан астам адамның саяхат жоспарлары бұзылды(Дереккөзі: <https://www.newscientist.com/article/2190096-drones-are-causing-airport-chaos-why-cant-we-stop-them/#ixzz7GpTkzSaM>. Мәтін ағылшын тілінен аударылды).

3-мәтін. Тіл теориясында бір-бірімен өте тығыз байланысты «тіл», «ойлау» және «сөйлеу» деген лингвистикалық, философиялық және психологиялық ұғымдар бар. Тіл – баға жетпес жалпыадамзаттық құндылық, әлеуметтік құбылыс, ойлаудың құралы. Ойлау – танымның ең жоғары сатысы, нақтылы болмыстың бейнелеу процесі. Ол түсінік, пайымдау, теория арқылы жүзеге асады. Ойлау процесі негізгі үш жағдайдан тұрады: әлеуметтік-тәжірибелік; бейнелілік-көріністік; сөздік-қисындық. Ал сөйлеу – бұл әрекет ету. Сөйлеу тілдік таңбалардың жанама қатысы арқылы жүзеге асады. Сөйлеу процесі бір жағынан, ойды тілдік (сөйлеу) құралдармен қалыптастыру және тұжырымдау болса, ал екінші жағынан – тілдік құрылымдарды қабылдау және оларды түсіну болып табылады (Дереккөзі: Абасилова А.М. Қ.Мұхамеджановтың әлеуметтік лингвистикалық тұжырымдары. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың ХАБАРШЫСЫ, «Филология» сериясы, №4(74), 2020ж. [http://sp.kaznpu.kz/docs/jurnal\\_file/file20201220011942.pdf](http://sp.kaznpu.kz/docs/jurnal_file/file20201220011942.pdf)).

4-мәтін. Қазіргі таңда білім беру саласында электронды құрылғылардың кең көлемде қолдана басталуынан, оқушылар өз бетінше көптеген қосымша ақпараттарға қол жеткізе алады. Олар мектептегі әртүрлі кітаптар мен оқу құралдарының бар екеніне қарамастан, галамтор арқылы кез келген тақырыпқа қатысты материалдарды табуы мүмкін. Сонымен қатар өздерін қызықтырған пәнін тереңірек меңгеру мен осы бағытта білімдерін тереңдету мүмкіндігіне ие. Мәселен, көптеген оқушылар түрлі онлайн курстарға қатысып, өз бетінше білімін шыңдай алады. Бұл алдағы уақытта білім алушылардың өзіне қажетті пәндерді ғана меңгеріп, өздеріне ыңғайлы уақытта ғана оқуына мүмкіндік туғызады.

**3-тапсырма.** Жазылым үдерісінің кезеңдерін ретімен қойыңыздар.

Тапсырмаға қатысты ақпараттар мен идеяларды жинау

Соңғы жобаны жазу

Алғашқы жобаны жазу

Пікірлерін, ойларын жүйелеу

Оқытушыдан немесе сыныптастарынан кері байланыс алу

Жоспарын жазу

Алғашқы жобаны тексеру, қателерін түзету

Берілген тапсырма және сұрақ бойынша ойлану

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_



4. \_\_\_\_\_
5. \_\_\_\_\_
6. \_\_\_\_\_
7. \_\_\_\_\_
8. \_\_\_\_\_

**4-тапсырма.** Берілген тапсырманы және осы тапсырманы орындау үшін құрылған жоспарды оқып шығып, жоспарға сәйкес эссе жазыңыздар.

**Тапсырма:** Жылдан-жылға ауызсу мәселесі күрделеніп келеді. Нұр-Сұлтан қаласының суын сүзгішсіз ішуге болмайды. Өйткені, су кермек татып тұрады. Оны тікелей қраннан сүзгішсіз біраз уақыт пайдаланған адамның бүйрегі зардап шегеді. Сондықтан қазіргі кезде суға ақылы сүзгішті 200000 теңгеге қосып беретін арнайы компания бар. Оны қалтасына қарай қоса алмайтын қала тұрғындары да бар. Сүзгішті жалпы халыққа қолжетімді багада орнатып беруге келісесіз бе әлде келіспейсіз бе?

## **Жоспар**

### **I.Кіріспе:**

*Қаладағы ауызсу мәселесінің өзектілігі.*

*Компания қызметі және оның қымбат екендігі.*

Ұстанымым: кейбір жағдайлар бойынша ғана келісемін, себебі кейбір тұрғындар үшін қымбат, ал арзандату компания үшін тиімсіз.

### **Негізгі бөлім:**

**1-параграф:** бағаны түсіру. Аргумент: тұрмысы төмен отбасылар. Мысалы, көпбалалы аналар, жалақысы төмен отбасылар.

**2-параграф:** баға төмендесе, сапа төмендейді. Аргумент: компания табыс табуды ойлайды. Шешім: жергілікті әкімшілік қолдауы қажет.

### **Қорытынды:**

*Пікірмен кейбір жағдай да ғана келісемін. 200000 теңге кейбіреулер үшін көп. Бағаның төмендеуі сапаға әсер етеді. Соңғы пікір: кейбір отбасыларға әкімшілік қолдау жасаса екен.*

**5-тапсырма.** Дұрыс құрылған тезисті табыңыздар және неліктен екендігін түсіндіріңіздер.

1. Кеңес Одағы не үшін ыдырап кетті?
2. Кеңес Одағының ыдырауына экономикалық мәселелер себеп болған жоқ па?
3. Кеңес Одағының ыдырауына саяси, мәдени, экономикалық және ұлтаралық мәселелер әсер етті.
4. Кеңес Одағының ыдырау себебі: бұл одақтың ұстанымы өте нашар болды.
5. Кеңес Одағының ыдырауына әртүрлі ұлтаралық мәселелер ықпал еткенімен, оның тарауына экономикалық жайттар үлкен әсерін тигізді.

6. Басқарушы биліктің халықтың экономикалық мәселелерін шеше алмауы – Кеңес Одағының ыдырауына алып келді.

**6-тапсырма.** Эссе жазу үшін берілген сұрақтардың қандай мақсатта қойылғандығын анықтаңыздар. Берілген сұрақтардың қойылу мақсаттарын табыңыздар.

**Сұрақтар:**

- 1) Мектеп оқушыларының көркем шығармаларды жиі оқымауының басты себептері неде деп ойлайсыз?
- 2) Көркем шығарманы көп оқымайтын оқушының сабақ үлгерімі көркем шығарманы көп оқитын оқушыдан төмен болады деген пікірмен қаншалықты келісесіз?
- 3) Мектеп оқушыларының көркем шығармаларды оқуы бойынша оқу көрсеткішін арттыру үшін қандай жұмыстар жүргізсе болады?
- 4) Кейбір адамдар оқушылардың көркем шығармаларды көп оқуы олардың математика, физика сияқты пәндерді оқуына кері әсерін тигізуі мүмкін деп санайды. Осы пікір бойынша сіздің ойыңыз қандай?

**Сұрақтардың қойылу мақсаты:**

А) Мәселе бойынша қандай шешімдер ұсына алатындығын білу бағытында.

Ә) Мәселеге байланысты шешімді қалай бағалайтындығын білу бағытында.

Б) Болжау немесе бағалай алатындығын білу бағытында.

В) Өз сенімін немесе ойын дәлелдей алатындығын білу бағытында.

**7-тапсырма.** Эссе жазу үшін берілген тапсырмадағы тірек сөздерді анықтаңыздар.

*Қазақстанда ағылшын тілінің қолданысы күннен-күнге артып келеді, және алдағы уақытта ол елімізде екінші тіл ретінде кең таралған орыс тілін ығыстыруы мүмкін. Сіз бұл пікірмен қаншалықты келісесіз немесе келіспейсіз?*

**8-тапсырма.** Берілген тапсырма бойынша өзіңіздің пікіріңізді жазып, осы пікірді қолдайтын және қолдамайтын дәлелдер жазыңыз.

**Тапсырма:** Қазақстанда биобелсенді қоспалар кең көлемде сатылуда. Неліктен еліміздің тұрғындары биобелсенді қоспаларды сатып алады деп ойлайсыз?

Пікір: \_\_\_\_\_

Қолдайтын дәлел: \_\_\_\_\_

Қолдамайтын дәлел:

**9-тапсырма.** Мәселе бойынша қандай шешімдер ұсына алатындығын білу бағытындағы эссе тапсырмасын оқып, төменде берілген пікірлерді қою арқылы кестені толтырыңыз.

**Тапсырма:** Мектеп оқушылардың салауатты өмір салтын ұстануын қолдау үшін қандай шаралар жасай алады?

№	Шешімдері	Нақты іс-әрекет	Шешімнің артықшылығы	Шешімнің кемшілігі
1	Мектепте салауатты өмір салтын насихаттау.	Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында спорттық шараларды жиі ұйымдастыру.	Оқушылар спорттық шараларға жиі қатысатын болады.	1) _____
2	Күнделікті жаттығу жасау	Мектепте сабақ басталмай тұрып, 15 минут жаттығу жасау.	2) _____	Бұл оқушының демалыс күндері жаттығу жасау дағдысын қалыптастырмауы мүмкін.
3	3) _____	Оқушыларға салауатты өмір салтын ұстануды үйрету.	Оқушылар мектепте үйренгендерін күнделікті өмірде қолдана алады.	4) _____

**Пікірлер:**

А) Оқушылар кем дегенде күніне 15 минут жаттығу жасайтын болады.

Ә) Салауатты өмір салты дағдыларын үнемі үйретіп отыруға уақыт жетпеуі мүмкін.

Б) Спорттық шараларға көп көңіл бөлінгендіктен, негізгі сабақтарын оқуға уақыттары болмауы мүмкін.

В) Оқушыларды салауатты өмір салтын қалыптастыруға үйрету.

**10-тапсырма.** «Елімізде фастфудтарға деген сұраныстың артуы, адамдардың дұрыс тамақтану жөніндегі білімдерінің болмауынан», - деген пікірді қолдайтын және қолдамайтын қарсы дәлел жазыңыз.

Қолдайтын \_\_\_\_\_

Қарсы \_\_\_\_\_

**11-тапсырма.** Берілген эссе кіріспелерін оқып, олардың қай эссе түрлеріне жататындығын анықтаңыздар.

*1-мәтін.* Қазіргі заманауи технологиялар пайда болғанға дейін білім беру жүйесінде дәстүрлі білім беру жүйесі болды. Білім беру мекемелерінде сыныптар, аудиториялар, зертханалар қолданылды. Қазір компьютерлердің пайда болуымен білім берудің онлайн түрі пайда болды. Бейне сабақтар, әртүрлі әлеуметтік желілер онлайн білім беру жүйесін дамыта түсті. Офлайн және онлайн білім беру де бір мақсатқа қызмет етеді. Бірақ, олар ауқымы мен сапасы жағынан ерекшеленеді.

*2-мәтін.* ҚР-ның көптеген тұрғындары жақсы өмір сүру үшін Алматы, Астана, Шымкент сияқты ірі қалаларда тұрғысы келеді. Бірақ ірі қалалардағы экологиялық жағдай алаңдатарлықтай. Әсіресе бұл қалалардағы ауаның ластануы жылдан-жылға артып келеді. Ірі қала тұрғындары лас ауамен тыныстап, денсаулықтарына орасан зор зиян келтіруде. Бұл тек үлкен қалалар үшін ғана емес, еліміздің экожүйесі үшін де өзекті мәселеге айналды.

*3-мәтін.* Қазіргі кезде думандатып үлкен той жасайтын той иелеріне

*салық салу қажет пе?,- деген мәселе қоғамымызда өзекті. Бұл өте маңызды мәселе, өйткені ол халқымыздың ежелден қалыптасқан салт-дәстүріне тікелей қатысты. Үлкен той жасаушыларға салық салу арқылы той санын азайтуға, ысырапшылдыққа жол бермеуге және үлкен той жасамаудың тиімді жақтарын көптеген дәлелдер келтіру арқылы қоғамға түсіндіруге болады. Бұл эсседе көп адам шақырылып жасалынатын тойларға салық салудың бұрыстығы мен дұрыстығы дәлелдер келтіру арқылы қарастырылады.*

**4-мәтін.** *Жоғары оқу орындарының ғимараттарының ішіне қағаз қалдықтарына арналған арнайы жәшіктердің қойылуы студенттердің қайта өңдеуге деген көзқарасының қалыптасуына оң әсерін тигізеді. Мұндай жәшіктер дамыған елдердегі жоғары оқу орындарының барлығында бар. Олар студенттердің қағаз қалдықтарын басқа қалдықтармен араластырмауына мүмкіндік береді және қағаздардың қайта өңделуіне мүмкіндік жасайды. Бұл еліміздегі қалдықтарды қайта өңдеуге деген жастардың дұрыс көзқарасының қалыптасуына және қалдықтардың іске асырылуына ықпал етеді.*

**12-тапсырма.** Академиялық талапқа сай жазылған кіріспе нұсқасын табыңыздар.

**1-мәтін.** *Қазіргі кезде бұл мәселе өзекті болып табылады. Оны шешу туралы пікірлер өте көп болғанымен, олар біртекті емес. Мен бұл мәселенің қалайда оңтайлы шешілуін қалаймын. Эссе аталған мәселе бойынша тиімді шешімдер жөніндегі пікірлерді қарастырады.*

**2-мәтін.** *Әлеуметтік желілердің ойлап табылғанына бірнеше ондаған жылдар ғана болғанымен, олар кең қолданысқа еніп кетті. 2010 жылдардан бастап олардың түрлері артып, адамдарды қызықтыратындай әртүрлі функциялары іске қосылуда. Әлеуметтік желілердің адамдар арасында негізгі қарым-қатынас құралына айналғанын жоққа шығара алмаймыз, дегенмен онда таралатын кейбір сенімсіз ақпараттар мен уақытты көп алу жағынан алғанда кемшілігінің де зор екенін көруге болады.*

**3-мәтін.** *Жалпы алғанда, ұялы телефондар тиімді болғанымен, оның кейбір кемшіліктері бар. Мәселен, көлікті жүргізіп келе жатқанда телефонмен сөйлесу нәтижесінде жиі жол апаттары орын алып жатады. Егер ұялы телефонды қолдану ережелеріне сай дұрыс пайдалансақ, бұл байланыс құралының пайдасы көбірек деп ойлаймын.*

**13-тапсырма.** Абайдың «Қалың елім қазағым қайран жұртым» деген өлеңінде сол кездегі қазақтың рухани ахуалы қалай сипатталады?», - деген

сұраққа байланысты эссенің кіріспе бөлімін бастауға лайықты сөйлемді табыңыздар.

- 1) Абай «Қалың елім қазағым қайран жұртым» деген өлеңінде сол кездегі қазақтың рухани ахуалын сипаттайды.
- 2) Абай өзінің «Қалың елім қазағым қайран жұртым» атты өлеңінде қазақ халқының XIX ғасырдағы рухани жағдайын шебер суреттеп бере алған.
- 3) Ақын аталған өлеңінде қазақтардың сол кездегі өмірін сипаттап береді.

**14-тапсырма.** Кіріспе бөлімге қажет емес пікірлерді табыңыздар.

1. Кіріспені жазу барысында эссе тапсырмасының немесе сұрағының тірек сөздерін қолдану керек.
2. Кіріспеде тірек сөздер бойынша өзіңіз білетін ақпараттарды барынша толық етіп жазуға тырысу қажет.
3. «Осы эсседе мен ... мәселелер туралы жазатын боламын» сияқты сөйлемдерді қолданбаған дұрыс.
4. Эссенің тақырыбынан ауытқымау керек.
5. Кіріспеде тақырыпқа қатысты пікірлерді жан-жақты қарастырып, оларға мысалдар мен дәлелдер берген дұрыс.
6. Өзге авторлардың сөзінен дәйексөздер беріп, оларды талдау қажет.

**15-тапсырма.** Берілген параграфтарды оқып, олардың түрлерін анықтаңыздар.

**1-мәтін.** *Алпысыншы жылдардың басында әкем атамның, яғни әкесінің өтінішімен Хантағыдан Бабайқорғанға қоныс аударған. Мыңда тоғыз жүз алпыс бесінші жылы Бабайқорғанның Үлгілі бөлімшесіндегі қазіргі Мәулен Балақаев атындағы орта мектептің табалдырығын аттадым. Сол уақытта ол төрт кластық қана білім ордасы болатын. Бала санының аздығынан ба екен, төрт кластың оқушыларын бір бөлмеге жинап, қатар-қатар отырғызып қоятын. Айдарбек мұғалім барлығымызға кезекпен сабақ өткізе беретін. Ортадағы жалғыз тақтаға әр кластың тапсырмасын кезегімен жазып, оны қайта-қайта өшіріп, жанын сала түсіндіруші еді (Қ.Бегманов «Туған үйге оралу» әңгімесінен үзінді).*

**2-мәтін.** *Хамит-ұзынша бойлы, жауырынды, тіп-тік сұр жігіт. Қырлы мұрынды, шүңіректеу көзді қаракер тобылғы көзді, қырқып жүретін сақалы, мұрты бар. Жасы жиырма бес, жиырма алтылар*

шамасында. Сом сұлу денесі ылғи сіңірмен шиырылған күшті көк етті еді. Бар денесі серіппелі көктемірден құйып жасалғандай. Түйіліп жазылған қизаштау қасы мен тұңғиықтау көзі Хамитте зор қайрат, үлкен қайсарлық бар екенін көрсетеді. Бет аузы бүркіттің бетіндей. Қыран бүркіттің түрпілі саусақтарындай, күшті темірдей жұдырықтарын түйіп, кәрін тігіп кіжніп:

– А-а. Қандай қылайын! - деп төніп келсе, өлген кісінің аруағы ұшып кететіндей азамат (С. Сейфуллин «Бандыны қуған Хамит»).

**3-мәтін.** Көптеген жағдайда алғаш рет кәсіпкерлікпен айналысқысы келетін адамдар үшін өз ісін бастау қиындық туындатуы мүмкін. Ең күрделі мәселе қандай іспен шұғылданатындығын анықтап алу, бірақ шын мәнінде ол ұзақ уақытты талап етпейді. Себебі, әркім өзінің қолынан келетін немесе жақсы көретін жұмысты жасап, соны дамытып, одан әрі қарай кәсіпкерлікке айналдырса болғаны. Содан кейін

бизнес жоспарын құрып, қажет болған жағдайда алғашқы қаржы көздерін қарастыра бастауы керек. **4-мәтін.** Эссе жазу барысында көптеген

оқушылар мен студенттер параграфтағы сөйлемдердің түрлеріне аса мән бере бермейді, бірақ олар үш түрге бөлінеді. Параграфтың бірінші сөйлемі тақырыптық сөйлем болып келеді және негізгі ой мен ақпараттан хабар беріп тұрады. Келесі сөйлемдер түрі қолдаушы сөйлемдер деп аталады.

Олардың көлемі 3-4 сөйлемнен тұруы мүмкін. Бұл сөйлемдер түсіндіру, дәлелдеу, мысал келтіру, талдау, сілтеме жасау, сыни ойды білдіру үшін жазылады. Содан кейін соңғы қорытынды сөйлем жазылады. Соңғы сөйлемнің мақсаты параграфтағы негізгі ойды қорытындылап, мәселенің шешімін, қолданысын, болжамы сияқты ақпараттар беруге бағытталады. Параграф құрылымын сақтау, эссенің жүйелі, мағыналық жағынан өзара байланысты болып жазылуына ықпал етеді.

**16-тапсырма.** Берілген параграф жоспарын қолдана отырып, параграф жазып көріңіздер.

### **Жоспары:**

Тақырыптық сөйлем: Компьютер ойындарын көп ойнау тәуелділік тудырады және денсаулыққа зиян.

Қолдаушы сөйлемдер: 1) тәуелділік тудыруы; 2) денсаулыққа әсері – көздің нашар көруі, арқаның қисаюы.

Қорытынды сөйлем: Компьютер ойынын көп ойнау зиян.

**17-тапсырма.** Берілген параграфты құрылымына қарай талдаңыздар.

1) Жұмысқа жаяу немесе велосипедпен барып келу денсаулыққа және жұмысты жақсы жасауға оң ықпалын тигізеді. 2) Бұл екеуі де жаттығу түріне жатады және дәрігерлер күніне кем дегенде 30 минуттай жаттығу жасаудың денсаулықтың жақсаруына алып келетіндігін айтады. 3) Сондай-ақ, жаяу жүру мен велосипед айдау жүрек жұмысының қалыпты жұмыс

*істеуіне жақсы әсер етіп, адамның жұмыс жасауға деген құлшынысын арттырады. 4) Сондықтан, жұмысқа жаяу немесе велосипедпен барудың пайдасы көп.*

**17-тапсырма.** Қорытынды бөлімді жазуға арналған кеңестерді берілген нұсқалардың ішіндегі дұрыс нұсқамен сәйкестендіріп жалғастырыңыздар.

1) Қорытынды бөлімді бастау үшін ...

2) Эсседегі негізгі пікірлерді қорытындылау үшін...

3) Қорытынды сөйлемді жазу үшін ...

*А) ...эссенің дәлелдерін қорытындылайтын 2-3 сөйлемді анықтап, олардың негізгі түйінін қысқаша қайта жазу қажет.*

*Ә) ...оқырманды эссе бойынша ойландыруға жетелейтіндей автордың соңғы ойы жазылуы тиіс.*

*Б) ...кіріспедегі тезисті қайталау қажет, бірақ сөзбе сөз көшіріп жазбауымыз керек.*

**18-тапсырма.** Қорытынды бөлімді жазу барысында қажет емес пікірлерді табыңыздар.

1. Қорытындыны жазу барысында эсседе қарастырылмаған жаңа ақпарат немесе пікір жазылмайды.
2. Қорытынды бөлім сөйлемдерін барынша күрделі етіп беруге болады. Себебі, оқырман оны бірнеше рет оқып түсінгені дұрыс.
3. Эссе қорытындысы тезис пен мәлімдемені қорытындылауға ғана арналған.
4. Қорытынды бөлімде негізгі бөлімде берілген барлық мәліметтерді қайталау қажет.
5. Қорытындының бірінші сөйлемі автордың эссе бойынша білдіргісі келген соңғы ойынан басталады.

**19-тапсырма.** Қорытынды бөлім сөйлемдерін ретімен қойып, қайта жазып шығыңыздар.

1. *Мектепті үздік бітіріп шығуым арманым қол жеткізуіме бір қадам болса да жақындаттыра түсері анық.*
2. *Әрине, мен үшін мақсатыма жету қиындықтар туындатуы мүмкін, бірақ кез келген үлкен істер қажырлылық пен табандылықты талап етері сөзсіз.*
3. *Содан кейін еліміздегі үздік білім беретін педагогикалық жоғары оқу орындарының біріне оқуға түсіп, оны ойдағыдай аяқтап шығуым тиіс*



*және одан алған білімді тәжірибеммен ұшастырып, біліктілігімді арттыруым үшін мектепте жас мұғалім болып жұмыс жасауыма тура келеді.*

4. *Менің алдағы жылдардағы өзіме қойған негізгі мақсатым – білікті ұстаз болу.*

---

---

---

---

---